

Китай на протяжении истории перенимали друг у друга элементы культуры, военной и политической науки, вероятно даже языка. К сожалению статья не может вместить в себя всю историю отношений кочевой и китайской цивилизации, даже указанный период здесь рассмотрен в очень сокращенном виде, без подробного анализа событий и явлений. Однако она показывает сложность истории взаимодействия двух культур, а также показывает их важность для Истории Древнего Казахстана.

Список литературы:

- 1 СымаЦянь. Исторические Записки.
- 2 Шицзин. Книга песен и гимнов.
- 3 Гумилев Л. Н. История народа Хунну.
- 4 Дж. Барфилд Т. Опасная граница. Кочевые империи и Китай.
- 5 Бичурин Н.Я. Собрание сочинений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. Том 1.
- 6 Шан Ян. Книга правителя области Шан.
- 7 Гумилев Л. Н Хунну в Китае.
- 8 Фан Сюаньлинь. История династии Цзинь.
- 9 Кюннер И. В. Китайские сведения о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока.
- 10 Крадин Н. Н. Империя хунну.
- 11 Султанов Т. И. Государства и народы Евразийских степей: от Древности к Новому Времени.

1771 ЖЫЛҒЫ «ШАҢДЫ ЖОРЫҚ»: ҚАЗАҚ-ҚАЛМАҚ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ СОҢҒЫ БЕЛЕСІ

Смағұлов Н.Б., Тельман Ұ.Д.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Кіріспе

Мақала тақырыбының өзектілігі. XVII ғасырдың 40-шы жылдары мен XVIII ғасырдың 70-ші жылдарына дейінгі 150 жылға созылған қазақ-жоңғар соғысы қазақ елінің тарихында орасан зор рөл атқарды. Бұл соғыс Қазақ хандығының болашақтағы геосаяси, геогеографиялық жағдайына, демографиясына және тәуелсіздігінің сақталуына әсер етті. XVIII ғасырдың алғашқы онжылдықтарында Қазақ хандықтары әртүрлі сыртқы саяси мән-жайлардың ықпалымен өте қиын халықаралық жағдайға ұшырады. Мұның алдында дүниежүзілік сауда коммуникацияларының құрлық аумағынан Атлантика бассейніне ауысуына және Ресей империясының – Еуропаның оңтүстік-шығысы мен Сібірге және Цинь империясының Орталық Азияға әскери-саяси өктемдік етуінің жедел өрістеуіне байланысты Қазақ хандығы мен Жоңғар мемлекеті қиын жағдайға тап болады. Империялардың өктемдігінен көшпелі халықтар сауда жолдарынан біртіндеп ығыстырылып шығарылды. Ұлы даланы ежелден мекендеген қазақтар мен қалмақтардың кеңістігі қысқартылып, көшіп-қонудың дәстүрлі жолдары мен бағыттары өзгертілді. Жайылымдық жерлер және жақын жатқан аумақтардың сауда орталықтарына еркін баруы қиындаған көшпелі халықтар арасындағы өзара жанжалдардың өршуіне әкеліп соқты. Осының негізінде Қазақ-Жоңғар қарым-қатынастарында әскери тайталастың жаңа түйіні пайда болып, ол XVIII ғасырдың өн бойында Еділ, Жайық бойының, Батыс Сібірдің оңтүстік бөлігінде және Орталық Азия аймақтарының бүкіл кеңістігін қамтыды. XVIII ғасырдың басынан бастап қазақтардың сол

кезде Ресей билігінде болған көршілес Еділ қалмақтарымен өзара қатынастары күрделі сипатта болды.

Мақаланың деректік қоры Мақаланы жазу барысында тақырыпты ашып көрсету үшін Отандық және Ресей ғалымдарының еңбектері пайдаланылды. Академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың басшылығымен 1998 жылы жарық көрген «Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінгі күнге дейін)» 5 томдық кітабының 3-ші томын атап-айтып кеткен жөн. Бұл кітапта негізінен, XVIII – XX ғасырдың басына дейінгі Отан тарихының күрделі проблемаларына арналған. Еңбектің «XVIII ғасырдың 2-ші жартысы мен XIX ғасырдың 1-ші жартысындағы саяси үрдістері» атты тарауында екі жүз жылға созылған қазақ-жоңғар соғысының нүктесін қойған «Шаңды жорық» жайлы жазылған. А.И. Левшиннің «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацских, орд и степей» [2] атты зерттеу еңбегін, Ш.Ш. Уәлихановтың 5 томдық шығармалар жинағы [3], Казахско-русские отношения в XVI – XVIII вв. (сборник документов и материалов) [4], «Абылай хан. Тарихи жырлар» [5] жинағы, Мағауин М. «Қазақ тарихының әліппесі» [6] және Сулейменов Б.С., Басин В.Я. «Казахстан в составе России в XVIII – начале XX века» [7] атты құжаттар мен материалдар жинағындағы қазақ-қалмақ қарым-қатынасына байланысты жазылған тарихи мәліметтерді талдап, 1771 жылғы Еділ қалмақтарының Шығыс Түркістан аймағына жаппай қоныс аударуының тарихи негізін анықтадық. Сонымен қатар М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы тарихи оқиғалар желісі алынды.

Мақаланы жазудың мақсаты Қазақстанның XVIII ғасырдағы тарихының басты геосаяси қарым-қатынасын және ұзаққа созылған қазақ-жоңғар соғысының тарихын зерттеу барысында деректерге, тарихи еңбектерге, документалдық фильмдерге және т.б. мәліметтерге сүйене отырып, 1771 жылғы «Шаңды жорықтың» себебі мен салдарын анықтау.

Зерттеу жұмысы барысында міндеттеріміз:

- XVIII ғасырдағы қазақ жерінде болған саяси оқиғалардың себебін анықтау;
- Жоңғар хандығының сыртқы саяси іс-әрекеттеріне сипаттама беру;
- Жоңғар хандығы мен Еділ қалмақтарының талқандалу себептерін қарастыру.

Хронологиялық мерзімі. 1771 жылдың 5 қаңтарынан – 1772 жылға дейін қамтиды.

Мақаланы жазу барысында басты назар аударылған нысан. 1771 жылғы «Шаңды жорықтың» нәтижесінде ауыр қайғы-қасіретке ұшыраған қалмақтар мен Қазақ хандығының геосаяси жағдайына баға беру.

Қазақ халқының XVIII ғасырдың басындағы қазақ-жоңғар қарым-қатынастары XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырда Алтайдан бастап, батыста Шығыс Еуропадағы Балқан түбегіне, оңтүстікте Әмудариядан солтүстіктегі Ібір-Сібірге дейінгі территорияны алып жатқан орасан зор аймақ Ұлы Даланы мекендеген көшпелілер өркениетінің дағдарысқа тап бола бастаған кезеңімен тұспа-тұс келді. Ғылым мен техниканың жетістіктерін игеріп зеңбіректі әскерімен маңайындағы елдерді ықтырып келе жатқан Ресей патшалығы мен шығысындағы аждаһа мемлекет цинь империясының қазақ хандығы мен жоңғарларға қарсы қысымы күшейе түсті. Бұл геосаяси үдерістердің салдарынан Еуразияның далалық аймағын жайлаған көшпелі қазақ пен ойрат-қалмақ ұлыстарының көшіп қонуының дәстүрлі жайылымдық жерлерінің тарылуына және сауда-саттық орталықтарына баруы қиындады. Қазақ хандықтары XVIII ғасырдың басынан-ақ сыртқы саяси жағдайдың одан әрі шиеленісуі туғызған аса ауыр халді бастан кешірді. Оңтүстік-батыстан Жайық казактары қолдаған Еділ қалмақтары шапқыншылық жасады; Ресей империясына арқа сүйеген сібір казактары шабуылға шықты. Оңтүстік жағынан қазақтарды Орта Азия хандықтарының (Бұхара, Хиуа) феодалдары ығыстырды. Бірақ ең қатерлі қауіп қазақ халқына шығыстан күші басым, басқыншы әскери-феодалдық Жоңғар хандығы тарапынан төнген еді [2, 82 б.].

Қазақ және жоңғар әміршілері арасындағы күрес жүз жылдан астам уақытқа созылды. Оның негізінде жайылым үшін бақталастық жатқан еді. Мал санының өсуіне қарай

көшпелілер мал шаруашылығы өндірісі үшін қажетті аумақты ұлғайтуға мәжбүр болды [5, 58 б.]. Жоңғар қонтайшыларын жайылымдық жерлер мен оңтүстік Қазақстанның сауда-қолөнер орталықтары қызықтырды. Оңтүстік Қазақстан қалаларын басып алу арқылы жоңғар феодалдарына сауда-қолөнер орталықтарын ғана емес, сонымен қатар Қазақстанды Ресеймен және Шығыс елдерімен байланыстырып жатқан керуен жолдары өтетін аумақты да иелену мүмкіншілігі ашылды. Қазақ және Жоңғар хандықтары арасындағы күрес барған сайын кескілескен және қан төгісті сипат ала берді.

Ұзаққа созылған соғыстар кезеңі ішінде жоңғар жайсандары ұрыс қимылдарын жүргізудің өзіндік тактикасын жасап алды. Олар ұрысты ашық жерде, дала бетінде жүргізуді артық көрді. Бұл орайда олар сан басымдығын пайдаланды. Олардың өздері күкірттен оқ-дәрі өндіріп, қару-жарақтарын өздері дайындайтын [9]. Жоңғар хандығына қарсы күрес Цин үкіметінің де ең басты міндеті болды, Өйткені жоңғарлар Қазақ хандығымен ғана емес, Циндік Қытаймен де соғысты. Қытай билеушілері жоңғарлармен қарулы қақтығысты дипломатиялық әрекеттермен де ұштастырып отырды. Ал жоңғар қонтайшылары мен тайшылары Ертістің оң жағалауы үшін патша өкіметіне қарсы соғысуға дәрмені жетпеді.

1697-1727 жылдары Жоңғар хандығының қонтайшысы дипломат және қолбасшы Цеван-Рабтан болды. Ол жиырма жыл бойы Маньчжур-циндіктермен қақтығыстардан сәтін тауып жалтара білді. Жоңғар хандығымен үздіксіз жасалған сыртқы қақтығыстардан әлсіреген қазақ халқы бұл кезеңде асқан зор қайғы-қасіретті бастан кешірді. XVIII ғасырдың басындағы қазақтардың жағдайын Ш.Уәлиханов міне былайша суреттеген: «XVIII ғасырдың алғашқы онжылдығы қырғыз (қазақ. - ред.) халқының өміріндегі сұмдық уақыт болды. Олардың ұлыстарын жоңғарлар, еділ қалмақтары, жайық казактары және башқұрттар әр жақтан талқандады, малын айдап әкетіп, тұтас әулеттерді тұтқын етіп алып кетті» [3, 426 б.].

Жоңғар қонтайшылары Еділдің төменгі ағысындағы Қалмақ хандығымен туыстық және діни тығыз байланыс жасап отырды. Бұл екі хандықты бір мемлекетке біріктіру жоспары ойластырыла бастады. Бұл жағдайда Қазақ хандығының тәуелсіздігі мен дербестігіне қатер төнетін еді.

Қазақ-жоңғар соғыстарының басталуы мен шешуші шайқастың алғышарттары

1722 жылға қарай қазақ-жоңғар қатынастарындағы жағдай күрт өзгерді. Қытай императоры Канси өліп, жоңғар-қытай шарты жасалды. Оқиғалардың күтілмеген бетбұрысын жоңғар қонтайшылары мен тайшылары қазақ жеріне шабуыл жасау үшін пайдаланбақшы болып ұйғарды [7, 122 б.]. Соғысқа мықтап дайындалып алған жоңғар билеушілері Қазақ хандығының ауыр сыртқы жағдайын пайдаланып 1723 жылы өз әскерлерін қазақ жеріне аттандырды.

1723 жылға жеңіліс халықтың рухын жасыта алмады, басқыншыларға қарсы біртұтас майдан құрған ел тұс-тұсынан қаптаған жауға қарсы қажырлы күрес жүргізе отырып, өзінің азаттығын, елдігін қорғап қалды. Алаш баласы түп көтеріліп, жоңғар басқыншыларына қарсы Отан соғысы басталды. Отан соғысында белгілі қазақ батырлары, билері зор рөл атқарды. Осы кезде Бұқар жыраудың 28 толғау жырында XVIII ғасырдың 20-жылдарындағы Отан соғысы туралы айта келіп, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет, Тайлақ, Саңырық, Сіргелі Тілеуке, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай, Естербек, Құдайменді Жібекбай, Сеңкібай мен Шойбек, Таңсыққожа Мамыт, Қасқарауұлы Молдабай, Сатай, Айнақұл Бәти, Есенқұл, Олжабай, Малайсары т.б. батырлардың есімдері аталады [1, 146 б.]. Олардың бәрі қазақ әскерлерінің түмендерін, мындықтарын басқарды. Осы аталған батырлардың барлығы Бұланты, Аңырақай шайқастарында жоңғардың әскерін тас-талқан қылып жеңіске жеткен даңқты бахадүрлер еді. Бұқар жырау толғауларында Отан соғысының халықтық сипат алғанын ашық көрсете отырып, осы оқиғалардың куәсі болды. Қазақ-жоңғар соғыстарындағы ауыр жеңіліске ұшырап, шабылған ауыл-аймақтың, таланған көштің бүкіл сұмдығын мен қолбасшы

батырлардың басшылығымен аруағы асып жеңіске жеткен жауынгер халқының абыройлы, қуанышты сәттерін де басынан кешірді [10, 167 б.].

Жоңғарлармен соғыста қазақ хандығының басшыларына өздерінің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын сақтап қалу үшін ұйымдасқан түрде батыс пен солтүстік өңірге қарай көшіп-қону мүмкіндігін қарастыруды қажет етті. Ол үшін жауапты шаралар іске асырылып қазақтардың ірі тобы Жайық, Ор, Елек бағытына жылжыды. Қазақтардың батысқа қарай жаппай көшуі Жайық пен Еділ аралығында көшіп жүретін қалмақ тайшылары арасында зор алаңдаушылық туғызды. Қалмақтардың билеушісі Доржы Назаров пен Қалмақ хандығының наместнигі Черен-Дондук Астрахан губернаторы А.Волынскийге: «қазақтар жиналып алып, қалмақтарға қарсы 30 мың қолмен келе жатыр және қалмақтарды жаулап алып қалмақтар көшіп жүрген жерлерді иеленіп алмақшы», - деп жазды. Өз кезегінде, Астрахан губернаторы әскери алқаға «егер рас болса, қалмақтар қазақтарға төтеп бере алады дегенге ешбір сенімім жоқ» деп мазасыздана баяндады. Жайыққа келген қазақтардың жаңа толқыны көп болғаны сонша, Қалмақ хандығы тағдырының өзі қыл үстінде тұрды. Мұны патша өкіметінен Еділдің сол жағындағы жазғы жайлауларын қорғау үшін қалмақ әміршілерінің әскери көмек сұрағаны дәлелдейді. XVIII ғасырдың орта шенінде Жайық өзені қазақтар мен қалмақтар арасындағы шекараға айналды [4, 143 б.].

Тәуелсіздігі мен азаттығын қорғаған қазақ сарбаздарының жауынгерлік рухы мен әскери тактикасы қарсыластар үшін аса қаһарлы күш еді. Атап айтқанда, В. М. Бакуниннің Астрахан губернаторы Волынскийге 1725 жылғы 9 ақпандағы хаты соны дәлелдейді. Онда былай делінген: «қайсақтар... кейін төрт топқа бөлініп, қалмақтарға, башқұрттарға, Бұхараға, хунтайшыға қарсы аттанған және барлық төрт топ қиратылған» [4]. Басқа бір құжатта былай деп нақты хабарланған: «Қарақалпақтар мен қазақтардың ханы Әбілқайыр өзіне елу мың әскер жинап алып, қонтайшымен шайқасты, ал қонтайшы олардың он мың шаңырағын күйретті, ал қалған қырық мың шаңырақ қалмақ әскерлерін алу үшін осында беттеп келеді, қазір олар Жем өзенінде». 1723 жылғы қыркүйектің басында Әбілқайыр хан 20 мың әскерін бастап, қалмақ тайшыларына қарсы аттанады. Олар Жем бойымен барып, Жайықтан өтті. Қалмақ тайшылары қиын жағдайда қалды. Қазақтар Доржы Назаровтың бес мың әскерін тықсырып, Досанг тайшыны қашуға мәжбүр етті. Көп кешікпей Әбілқайыр мен Тама Есет басқарған қазақ әскерлері Лекбай тайшының екі мың шаңырақтан тұратын ұлысын талқандап, көп мөлшерде мал мен тұтқын алды [1].

Қазақ хандарының белсенді жүргізген сыртқы саясаты мен қазақ қолбасшылары басқарған сарбаздардың жауынгерлік рухының жоғары болуы салдарынан Еділ қалмақтары 1740-1770 жылдарға дейін қазақтарға қарсы жорық жасауға батылдары бармады. 1723-1756 жылға дейінгі қазақ-жоңғар қарым-қатынастары бірде соғыс жағдайында, бірде дипломатиялық байланыстардың арқасында бейбіт жағдайда болды. Қазақ билеушілерінің қажыр-қайратымен жоңғарларға қарсы соғыста халқымыз жеңіске жетіп, еліміз өз тәуелсіздігі мен еркіндігін қорғап қалады.

«Шанды жорық» – екі жүз жылдық соғыстың ақыры

Ұзаққа созылған жоңғар-қазақ соғысының ең соңғы кезеңі қазақ халқының жадында «Шанды жорық» деген атпен сақталып қалған. Шын мәнінде бұл, бейнелеп айтқанда, көкке дейін бұрқыратып шаң көтерген жорық емес, қайта қалмақтармен соғыс тарихындағы ең соңғы және ірі, аяусыздығы жағынан ең ауыр, қан судай ағып, сансыз жан құрбан болған күрес кезеңі еді.

XVII ғасырдың орта шенінде Еділде пайда болған Қалмақ хандығы бір жарым ғасыр бойы айналасындағы түрік халықтарына қарсы жаулық саясат жүргізді. Олар Еділ мен Жайық аралығынан ноғайларды толық қуып шықты, башқұрттарды туған жерлерінен ығыстырып шығарды, Дағыстан мен Қабардаға шапқыншылықтар жасады, Қырым хандығы мен Осман империясына қарсы соғысқа қатысты, барлық уақытта біржола экспансия жолына түскен Ресейдің жазалаушы қолшоқпары болды. Шығыстағы көршісі – Қазақ хандығымен

өзара қатынасты да үнемі бұзу шегінде болды. 1755 жылға дейін алыстағы Жоңғариямен байланыста кезде, олардың жаугерлік рухы жоғары болды. 1757-1758 жылдары Жоңғар хандығы мен бейбіт халқын жер бетінен Манджур-Цин империясы біржола қырып-жойып жіберген соң, Еділ қалмақтарының да жағдайы қиындап кетеді. Ресей империясы өз боданы қалмақ халқын барынша пайдаланды. Қалмақ халқының шығындары мен қайғы-қасіреті күн өткен сайын өсе берді, оның мыңдаған жас жігіттері ұзақ уақыт бойы Отанынан алыста жорықтарда жүрді, Ресейдің барлық соғыстарына қатысты. Осы кезде халықтың санасына шығысқа, туған Жоңғариясына қайтып оралу туралы аңсаған арман ұялады, ойраттар қырып-жойылғаннан кейін ата-бабаларының жері қаңырап, иесіз қалды деген лақап тарады. Қалмақ басшылары Убачи мен Церен тайшылар еділ қалмақтарын Жоңғарияға ұлы көш жасауға үгіттей бастады. Ресей тарапынан көрсетілген адам төзгісіз қысымнан түңіліп, жақсы келешектен үміттенген қалмақ халқы 1770 жылдың күзінде ұлы көшке бел байлады.

1771 жылдың 5 қаңтарында қалмақтардың ұлы көші басталды [2, 249 б.]. Қалмақтардың негізгі бөлігін құрайтын торғауыттар Еділдің сол жағасын яғни оның шығыс жағын, дүрбіттер мен хошауыттар оң жағасын алып жатқан еді. Көшу туралы құпия әңгімелер басталған кезде қалмақтар әр түрлі сылтаулармен өзеннің сол жағасына өте бастады, ал қалғандары жасырын белгіні күтті. Алайда 5 қаңтарда, іс басталатын болып белгіленген күні, қатты аяз болып, Еділдің мұзы шытынады да, жарықтардан су көтерілді, соның салдарынан 11 198 отбасы өзеннен өтіп, ұлы көшке қосыла алмай, Ресей шегінде қалуға мәжбүр болды. Ал өзеннен дер кезінде өтіп алған шаңырақтар саны жалпы жинақтап алғанда 30 909 болатын. Бұл - шамамен 170-180 мың адам. Қарулы күштер де өте көп - 40 мың жауынгер еді [6, 153 б.]. Қалмақтардың көші қазақ жері арқылы өтуге тиіс болды, басқа жол болмады.

Еділ қалмақтарының көшіп кеткені туралы хабар алған орыс үкіметі оларды оқ пен семсердің күшімен кері қайтаруға ниеттенді. Орыстың өкімет орындары қуғыншылар ұйымдастырғанша, жолындағы жекелеген әскери отрядтарды қырып-жойып, тез ілгерілеген қалмақтар қазақтардың иеліктеріне тереңдеп еніп үлгірді. Жайық казактары қауіпті жорықтан бас тартты, генерал-майор Траубенбергтің әскері жарты жолдан қайтты [2, 251 б.]. Орасан зор топ болып ілгерілеген қалмақтар Жем өзенінің жағасында аз уақыт аялады. Олардың ниеті Ырғыз арқылы өтіп және Сарыарқаны бойлай жүре отырып, Жетісу арқылы Жоңғарияның шекарасына шығу екені мәлім болды. Қалмақтардың жақындап келгенін білген Кіші жүз ханы Нұралы тез арада әскер жинап, оларға қарсы аттанды [10, 288 б.].

Алғашқы шайқас Жем өзенінің жағасында болды. Убачи жеңіліс тапты және шегініп бара жатып, Нұралыға уақытша бітім туралы хат жолдады, онда өзінің орыстардан ата-бабаларының жеріне қашуға мәжбүр болғанын, сондықтан қантөгіс жасамауды сұрайтынын жазды. Жауап хатында Нұралы қазақ жерінен тайып тұруды, кері қайтуды талап етті. Қалмақтардың кері қайтуы қиын еді, сондықтан Убачи Нұралы ханның хатына жауап қайтармады. Қалмақ көштері бастапқы жоспар бойынша одан әрі ілгері жылжи берді. Олардың аттары, малы қатты арыды, адамдары да шаршап-шалдықты. 1723 жылғы қазақтарға жасаған зауалы «Ақтабан шұбырынды» өз бастарына түсті. Көштің артында қалған өлген адамдардың мәйіттері, әл-дәрмені жоқ адамдар күн өткен сайын көбейе берді. Қалмақтар неғұрлым ілгерілеген сайын, қантөгісті қақтығыстар соғұрлым жиілей түсті. Қазақтар көштің жүрісін қырағы қадағалап отырды, кейде қанатынан тиісіп, мыңдап қырып, тұтас ауылдарды айдап әкетті, мол олжаға кенелді.

1771 жылғы қалмақ көштерін әлдебір қорғансыз, дәрменсіз тобыр деп түсінуге болмайды. Ежелден түріктер мен монғолдар заманынан бері көшпелі халықтар жорық жағдайында өмір сүрді. Еділ қалмақтарының қарулы күштері, жоғарыда айтылғандай, жеткілікті дәрежеде қуатты болатын, олар Қырым мен Кавказдағы ұрыстарда шыныққан, жақсы қаруланған еді, ұрыс қимылдарын жүргізуден бай тәжірибесі болды; көшіп бара жатқан қалмақ ұлыстары үшін ең басты қиындық осы орасан ұзақ жолдан тыныш өтуге

мүмкіндіктің жоқ болуы еді, оның үстіне түпкі мақсатының бағыты қарсыластарына мәлім болатын. 1771 жылдың наурыз айынан бастап, жаздың ортасына дейін, төрт айдай уақыт бойы қалмақтар аялдамастан ілгерілеп, қазақ жасақтарының толассыз шабуылдарын қиындықпен тойтарып отырды. 1771 жылдың маусымның аяғына қарай олар Сарыарқаны толығымен қиялай кесіп өтіп, Балқашқа жақындады, сол жерде Мойынты өзенінің жағасында аялдады. Балқаштың маңайында Абылай хан бастаған қазақтардың көп әскері жауды қоршауға алды. Қазақ жауынгерлерінің жалпы саны елу мың болды, жекелеген жасақтарды Нұралы хан, Әділ сұлтан, Орыс сұлтан басқарды. Егер осыған дейін қазақтар жау көшіне қарсы ұрыстар барысында және бір қанатынан соққы беріп келсе, енді олар оны осы арада біржола жойып жіберуді жоспарлады. Қалыптасқан жағдайдың өлім қатерін сезген қалмақ билеушілері елшілер жіберді, олардың ішінде ең беделді жеті адам болды [6, 155 б.].

Қалмақ елшілері ежелгі дәстүр бойынша хан ордасынан белгіленген қашықтықта аттан түсіп, Абылай ханға жаяу келді. «Алдияр! – біз Сізге Убачи мен Цереннің сәлемін жеткізіп тұрмыз. Қазақтар мен қалмақтар – ежелден туыстас халықтар, біздің бұдан әрі соғысуымыздың мағынасы жоқ. Бітімге келуді ұсынамыз. Сізге арнап ақ үй тігеміз, лайықты тарту әкелеміз және Сіздің бодандығыңызды қабылдаймыз. Біздің басқа барар жеріміз жоқ, бізге көшіп жүретін жер беріңіз, сөйтіп бүкіл қалмақ халқы Сіздің билігіңіздегі Сіздердің ұлыстарыңыздың бірі болады. Ежелгі туыстық әдет-ғұрыпты қалпына келтіруді ұсынамыз» [1, 265 б.].

Қалмақ елшілерінің ұсыныстарын талқылау үшін Абылай хан әскери кеңес шақырды. Бізге жеткен үздік-создық мәліметтерге қарағанда, жиналғандардың пікірі екіге бөлінген. Абылай елшіліктің ұсыныстарын толық қабылдауға бейім болды. Ал қолбасшылардың үлкен тобы шарттың түк керегі жоқ, болып отырған мүмкіндікті пайдалану керек және қалмақтар уыста тұрғанда, оларды біржола жойып жіберу керек деп мәлімдеді. Жоңғарлар мен Қытайларға қарсы күрестің қаһарманы Батыр Баян: «Убашы мен Церен орыстарды да, қытайларды да жер соқтырып кетті, сені де алдап кетеді, менің ханым», – деді. Абылай ханның саясаты әлдеқайда терең болатын. Тәжірибелі, сыртқы жауларға қарсы күресте шыныққан қолбасшы, Қазақ хандығын қалпына келтірген данышпан саясатшы Абылай хан Дүрбіт-Ойрат талқандалып, 1755 жылдың көктемінде Жоңғарияға маньчжур-цин басып кіргеннен кейін ежелгі жауын нығайтуға енді оның өзі мүдделі болды. Ол ойрат халқын түп-тұқиянымен жойып жіберуге кедергі жасауға тырысты, Қазақ хандығы мен құдіретті Қытай империясы арасында тәуелсіз, дербес Жоңғар мемлекетін сақтап қалу керек, ол болашақта шығыстағы табиғи қалқан болады деп санады. Егер ол бұрын Жоңғарияны талқандауға бар күшін салса, жаңа жағдайларда оған барынша көмек көрсетті. Кеңес созылып кетті. Үш күндік тыныс жарияланды, оның соңғы күнінде тұтқындар алмасып, мәселе түпкілікті шешілетін болып белгіленді [1, 265 б.].

Убашы, сірә, әуел бастан-ақ қулық жасаған немесе тыныс алғаннан кейін бәрібір бітім болмайтынын түсінген болса керек, оқиғаның алдын орап кетті. Үшінші тәулікте, түн ортасында бірі қалмай бәрі шабуылға шықты. Қараңғы түнді жамылып, аса күшті соққы жасаудың нәтижесінде олар қоршау шеңберін бұзып өтті. Бірақ Убачи мен Цереннің төтенше шешімі қалмақ халқын дұрыс жолға шығарды деуге болмайды. Содан бастап келісімге, бітім жасасуға жеткізетін жолдың бәрі тарс жабылды. Мойынтыдағы шайқастан кейін 1771 жылдың шілдесінде «Шаңды жорық» оқиғаларының тізбегіндегі ең соңғы, ақтық кезең басталды. Түнгі тұтқиыл шабуылдан есін жиып, таң алдында қазақтар жауынгерлік қатарын қайтадан тәртіпке келтірді. Енді олар мен қалмақтар арасындағы соғыс созылмалы, жорық сипатын алды. Қазақ жасақтары жауды күндіз-түні өкшелей қуып, оны титықтатып, әскери күштерін біртіндеп жоя берді. Қалмақтар Балқашты тұщы сулы батыс жағынан айналып өтуді және Іле өзенінің бойымен жоғары барып, Жоңғарияға өтіп кетуді жоспарлады. Алайда қазақтар оларды суға өткізбеді. Шөлден қаталап, сансыз көп шайқастарда алынған жарақаттан қалмақтар азапты ажал тауып қырылды, күн сайын жүздеп, мыңдап тұтқынға

түсті; тек ең табанды, жақсы қаруланған ат төбеліндей адамдар ғана артына будақтаған шаң тұманын қалдырып, Қастек, Каскелең, Кеген және Нарынқол арқылы өтіп, зор қиындықпен Жоңғарияға жетті. Мойынтыдағы түнгі қарбаласта қалмақтардан үлкен бір топ бөлініп шығып, қазақтар оларды байқамай қалған еді. Танжу тайшы басқарған бұл топ Балқаштың солтүстік жағалауын жағалай жүрді, біраз уақытқа дейін оған ешкім тиіспей, бұл көштің мүшелері өз жағдайын біршама жақсартып алды. Алайда қазақтар көп ұзамай бұл топқа да жетті, бұл кезде олар Аягөз, Лепсі, Қаратал өзендерінен өтіп, Ілеге жеткен еді. Аяусыз соғыстың салдарынан қалмақтардың оннан бірі ғана құтылып шықты. Олар Іленің жоғарғы жағына қарай быт-шыт болып қашып, Қытай шептеріне зорығып әрең жетті [1, 266 б.].

Бірақ осындай алапат қантөгісті жолдан, кейде адам айтқысыз азаптардан өтіп, тірі қалған қалмақтар туған Жоңғариясында ұзақ күткен құшаққа түспей, қайта құлдықтың қамытын киді. Цин әкімшілігі оларды жекелеген ұсақ ауылдарға бөліп жіберіп, өзінің боданы деп жариялады. Еділ бойынан Жоңғарияға небәрі 15-20 мың адам жетті, олардың өзі де дербес, тәуелсіз өмір сүре алмайтын еді. Тағдырдың жазуымен ғана көшудің алғашқы күнінде Еділден өте алмай қалған 50-60 мың адам ғана тірі қалды. Ресей құрамындағы 140 мың адамнан тұратын халқы бар қазіргі автономиялық республиканы құрап отырған нақ солар – бір кездегі қуатты, қаһарлы ойрат халқының ең соңғы тұяқтары [6, 156 б.].

Ойрат-қалмақтармен жүргізілген соғыстар ғана емес, «шанды жорық» барысындағы жеңісті шайқастардың өзі де қазақ халқына сансыз көп қасірет әкелді. Мыңдаған жауынгерлер ерлікпен қаза тапты, олардың арасынан орны толмас екі құрбанды ерекше атап өткен жөн. Мәселен, «шанды», дәлірек айтқанда, қанға бөктірген жорықтағы шайқастардың бірінде XVIII ғасырдағы аса көрнекті қазақ қолбасшыларының бірі, қазақ-жоңғар соғысында көптеген жеңістердің ұйымдастырушысы, маньчжур-қытайларға да қарсы жанқиярлықпен күрескен Жаңатай батыр қаза тапты. Қалмақтардың қалдықтарын қазақ жерінің шегінен асыра қуып тастап, тағы бір даңқты батыр – Баян жеңіспен қайтып келе жатты, бірақ тура жол үстінде ол кенеттен келген аурудан қайтыс болды. Оның есімі халыққа Шоқан Уәлихановтың туындылары мен Мағжан Жұмабаевтың дастанынан белгілі.

Қорытынды:

Ғасырдың бас кезінде өмір сүруінің өзі екіталай болған Қазақ мемлекеті XVIII ғасырдың орта шенінде Абылай ханның арқасында қайта түлеу жолымен жүріп, екі жүз жылдық соғысты жеңіспен аяқтады, ал одан кейін де тағы бір, неғұрлым елеулі сынаққа ойдағыдай төтеп берді. Қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы күресі қорытындыларының қазақ халқы үшін зор маңызы болды. Абылай хан – XVIII ғасырдағы қазақ халқының тағдыр-талайы қыл үстінде тұрғанда ел бірлігін ұйымдастырып, үш жүздің басын құрап, анталаған жауға тойтарыс берді [11, 12 б.]. Ш.Уәлиханов: «Қазақтардың аңыз-әңгімелерінде Абылай айрықша қасиеті бар киелі, керемет құдірет иесі болып саналады... Оның пайдалы кеңестері мен стратегиялық ой-пікірлері оған дана деген атақ әперді. Абылай, шынында да, қазақтардың оны тәңірінің ұлы істерді аяқтауы үшін жіберген рухы деп санайтын беделге жеткенге дейін көптеген сынақ пен күрестерді өткерді. Абылай ғасыры, қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры болып табылады» [3, 124 б.], – деп атап көрсетті. Қазақ халқының жадында Абылай қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, дарынды дипломат ретінде сақталып қалды және оның есімі тәуелсіздік символына, жауынгерлік ұранға айналды. Бұхар жыраудың өсиетнама, тілек еңбектерінде аласапыран заманда ел болып қалу үшін тұлғаға қажетті ұстанымдарды баяндайды және Абылайды көрші мемлекеттермен тату болуға шақырады [8, 169 б.]. Абылайдың алдында қазақ мемлекеттілігін нығайту мәселесі тұрды. Орынбор әкімшілігінің өкілдерімен қатынастарда шебер тәсілдер қолдана отырып, Абылай өз иеліктеріне империяның әскери құрамаларын ешбір аттап бастырған жоқ, Орыс әскерлерінің қазақ даласына ілгерлеуіне кедергі жасап жүрген ірі рубасылардың дербес әрекеттерін байқамаған сынай білдіріп, жаңа бекіністер мен қамалдар салуға мүмкіндік бермеді.

Биыл қалмақ халқының басына ауыр зобалаң әкелген «Шаңды жорыққа» – 250 жыл толып отыр. «Шаңды жорықтың» нәтижесіне қарасақ, ұзаққа созылған соғыстар мен халықтар арасындағы араздық елге ешқашанда жақсылық әкелмегенін көреміз. 1771 жылдың 5 қаңтарынан бастап, 1772 жылға дейін созылған Еуразия көшпелілерінің ең жауынгер ұлыстарының бірі қалмақтардың қайғы-қасіретке толы көші сол кездегі геосаяси және географиялық жағдайлардың салдарынан тағдырдың тәлкегіне түсіп тас-талқан болып талқандалды. Жайықтан Жоңғарияға дейінгі ұзындығы бірнеше мың шақырымға жететін жолда үздіксіз жүргізілген соғыстың нәтижесінде ойрат-қалмақ халқының соңғы мемлекеті құлады. Цинь империясының жер бетінен жойып жіберген Жоңғар мемлекетін қайта жандануға әрекет жасаған Убашы мен қалмақ халқының арман-мақсаты біржолата жойылып тынды.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2002. – 768 б.
- 2 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацских, орд и степей. // (Под общей редакцией академика М.К. Козыбаева). – Алматы, Санат, 1996. – 656 с.
- 3 Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. // Шоқан Уәлиханов. 2-басылым. – Алматы: Толағай групп, 2010. Т. 4. – 496 б.
- 4 Казахско-русские отношения в XVI – XVIII вв. (сборник документов и материалов) Алма-Ата: изд. АН КазССР, 1961. – 743 с.
- 5 Абылай хан. Тарихи жырлар – Т. 4. Алматы, 1993 – 416 б.
- 6 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 208 б.
- 7 Сулейменов Б.С., Басин В.Я. Казахстан в составе России в XVIII – начале XX века. – Алматы, 1981. – 247 с.
- 8 Смағұлов Н.Б., Ташағыл А. Бұқар жырау тағылымындағы ел мүддесімен көне түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеясы арасындағы рухани және тарихи сабақтастық. // Бұқар жырау Қалқаманұлының өмірі мен шығармашылығы – бүгінгі қоғамның рухани құндылығы: Халықаралық ғыл.-практ. конф. материалдары. – Қарағанды, 2018. – Б. 165-170.
- 9 Омари Ж. Бұқар жырау. Он екі тарих. – Қарағанды, 1994. – 360 б.
- 10 Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.
- 11 Әбжанов Х., Әбуев Қ. Абылай: көне шындыққа жаңа көзқарас // Егемен Қазақстан. – 2013. – 20-ақпан.